

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының
«Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі»

Мадақтама

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы
бойынша білім бөлімінің
«№6 «Күншуақ» балабақша-бөбекжайы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнындағы
педагогикалық қызметтегі көп жылғы жемісті жұмысы, өскелең
ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудағы
жоғарғы нәтижелері үшін тәрбиеші

Енсенова Мадина

Ертайқызы

МАРАПАТТАЛАДЫ

«Өскемен қаласы бойынша
білім бөлімі» ММ
басшысының міндетін атқарушы

С. Алагузова

Өскемен қаласы,
2021ж

АЛҒЫС ХАТ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің
30-жылдығына орай өткізіліп отырған
«Тәрбиеші сайысы 2020-2021» байқауында

ІІІ-ОРЫН

жүлдесіне ие болған

Енисенова Мадиша Өртайғызы

МАРАПАТТАЛАДЫ

Шығыс Қазақстан облысы
білім басқармасы Өскемен
қаласы бойынша
білім бөлімінің «№6 «Күншуақ»
балабақша-бөбекжайы»
КМҚК директоры

Т.Жаныбекова
Т.Жаныбекова

Өскемен қаласы
2021 жыл



№11(82) 2020 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

ТАҒЫЛЫМ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



“

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға.

АБАЙ ҚУНАНБАЙҰЛЫ



ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ №6 «КҮНШУАҚ»
БАЛАБАҚША-БӨБЕКЖАЙЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ
ЖАНЫБЕКОВА ТЛЕУКЕШ ИСКАКОВНА МЕН ҰЖЫМЫ
ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ

МАЗМҰНЫ

Тлеукеш Жаныбекова, <i>Отбасы мен балабақшадағы тәрбие үдерісі сабақтастығының педагогикалық маңыздылығы.....</i>	4
Жибек Кайшинова, <i>«Күніуақ»- бақытты балалық шақ мекені.....</i>	7
Гульмира Макшиева, <i>Мектепалды даярлық сыныптарының оқу үдерісіндегі әсеке, жұптық және топтық қалыптастырушы бағалаудың әдіс-тәсілдері.....</i>	9
Гульвар Кабдуалиева, <i>Әжеде қонақта.....</i>	11
Бакытгуль Рахымбаева, <i>Біздің сенімді досымыз, кошелер мен жолдарда.....</i>	14
Гульжан Каламбаева, <i>Республикам менің - Қазақстан!.....</i>	16
Айнуур Туржанова, <i>Маша қыз және ойыншықтары.....</i>	17
Гульмира Рахимова, <i>Құстарға қамқорлық. Торғай.....</i>	19
Сабина Токпаева, <i>Қызықты математика.....</i>	20
Айнуур Габдуллина, <i>Ғажайып алаң.....</i>	21
Айнуур Абаужунусова, <i>Аңдардың қысқы тіршілігі.....</i>	23
Ардак Ошакбаева, <i>Алтын күз.....</i>	25
Айнагүл Романова, <i>Алтын күз.....</i>	27
Назерке Қалымова, <i>Геометриялық пішіндер әлемінде.....</i>	28

МАЗМҰНЫ

Назерке Қалымова, <i>Дұрыс тамақтану, дәрумендер.....</i>	30
Маржан Жамбозова, <i>Тірі және өлі табиғат.....</i>	31
Айтолқын Нурсейтова, <i>Еңбек етсең емерсің.....</i>	33
Назгуль Тунғышбаева, <i>Қоянның қолғабы.....</i>	34
Айдана Ғазизханова, <i>Түлкі мен тырна.....</i>	36
Аялуым Жайырбекова, <i>Математика еліне саяхат.....</i>	37
Салтанат Базарбаева, <i>Менің отбасым.....</i>	38
Нургуль Ибраимова, <i>Қуыршақты шомылдыру.....</i>	39
Мадина Еисенова, <i>Қар қандай!.....</i>	41

Рефлексивті түзетушілік	- Айгүл өзге қандай болып келді? - Жуындыру үшін қандай заттар керек? - Айгүлді жуындырғанда, жыладыма? - Айгүлді біз қалай ұйықтаттық?	Үсті басы кір болып келді. Сабын, сүлгі, айна, тарак. Жылаған жоқ. «Әлди, әлди» әнің айтып ұйықтаттық.
-------------------------	--	---

Күтілетін нәтиже:

Біледі: тазалық заттарының аттарын.

Игереді: тазалық туралы түсінікті.

Менгереді: өлеңнің мазмұнын түсініп, оны қысқаша әңгімелеуді.



МАДИНА ЕНСЕНОВА,

Өскемен қаласы әкімдігінің №6 «Күншуақ» балабақша – бөбекжайы КМҚК -нің
 кіші топ тәрбиешісі
 Өскемен қаласы

ҚАР ҚАНДАЙ!

Міндеттері: Шығарманы мұқият тындауға үйрету, сөздік қорларын дамытып, ертегінің желісі бойынша әңгімелеуге дағдыландыру.

Ертегі арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. Балалар ертегі арқылы ой өрістерін кеңейте отыра, оны

түсіне білуге, сонымен қатар тәрбиешіні тыңдай білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Видео «Қар қандай болады?», суреттер, ертегі кейіпкерлері, теледидар

I Мотивациялық -қозғаушылық:

-Балалар, бүгін ерекше күн. Біздің оқу қызметіне қатысуға қонақтар келіп отыр.

Олай болса, қонақтармен сәлемдесейік.

-Жаксы балалар, енді орнымызға отырайық.

Қайырлы таң, алтын күн

Қайырлы таң, көк аспан

Қайырлы таң, достарым

Қайырлы таң, маған да

II Ұйымдастыру-іздігіру:

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс

-Балалар, маған қыс туралы кім тақпақ айтып бере алады?

-Балалар, біз осы аптада өлі табиғатпен танысып жатырмыз.. Қыс мезгілінде кездесетін табиғат құбылыстарынан қандай?

-Боран, қар

-Балалар, сендер қардың қандай болатынын білесіңдер ме?

-Жоқ!

-Ал, Марк Гай атамыздың «Қар қандай болады?» ертегісінде құстар қардың қандай болатындығы туралы дауласып қалыпты. Сіздер сол ертегіні тыңдауға дайынсыздар ма? Ендеше барлығымыз шанаға мініп, кинотеатрға барып осы ертегіні көрейік.

(алдымыздан жел соқты дегенде, қолымызбен көзімізді жабамыз, қар жауды дегенде төбемізді жабамыз)

(Видео арқылы ертегі тыңдалады)

-Балалар, ертегі ұнады ма? Ендеше тобымызға кайтайық.

Сұрақ қою арқылы ертегі мазмұнын сұрау.

-Ертегі сендерге ұнады ма?

-Ертегіде қандай кейіпкерлер кездеседі?

Билингвистикалық компонент: қар- снег

- Балалар, сендер ертегідегі кейіпкерлердің не себепті бұлай жауап бергенін білесіңдер ме? Ендеше соны талқылайық.

-Балалар, біз ертегідегі желдің айтқанына зерттеу жасайық. Мен сендердің алдарыңда тұрған стаканға қар салып беремі. Сендер арнайы түтікшемен үрдеп қан ауыр ма, жеңіл ма бірге тәжірибе жасайық.

-Балалар, желдің айтқанын дұрыс па, бұрыс па?

Ғажайып сәт: сықырлаған дыбыспен Аққала келеді.

Аққала өзі туралы айтады да, балаларға сергіту сәті ретінде «Қар жинау» ойынын ойнатады.

Шарты: топтағы балаларды екіге бөліп жерге қарды шашып, оны әр топ өз себетіне салу керек.

Аққала: Балалар мен ыстықта көп тұра алмаймын. Мен сендерге көптеген тапсырмалар әкелген едім. Бірақ сендердің топтарың ыстық екен. Менің еріп кетуім мүмкін. Сондықтан да мен тапсырманы апайларыңа беріп өзім салқын жерге барайын. (Аққала кетеді)

- Балалар екі топқа қояйық.

Ертегідегі кейіпкерлерді тауып алады

-Алдарыңызда орналасқан ертегі кейіпкерлерінің қиынды суреттерін құрастырып шығуларыңыз қажет.

III Рефлексивті-түзетушілік.

-Балалар, Аққала асығып жүріп бізге әкелген тосын сыйын ұмытып кетіпті. Мен сендерге бүгінгі оқу қызметіне белсене араласқандарың үшін рахметімді айтып, Аққаланың тосын сыйын берейін.

-Жарайсыңдар балалар!

-Балалар келген қонақ апайлармен қоштасайық.